

**"Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 139 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 сәуірде № 15068 болып тіркелді.

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 07 желтоқсандағы № 514 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7355 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 21 сәуірдегі № 172-177 (27251) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың (ғылыми жобалар), орындаушылардың республикалық конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстардың және спорттық жарыстардың тізбесінде:

"10. "Үздік мамандығы бойынша" халықаралық кәсіби шеберлік конкурстары" және "11. "Үздік мамандығы бойынша" республикалық кәсіби шеберлік конкурстары" деген бөлімдер мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Халықаралық кәсіптік шеберлік конкурстары:

1) WorldSkills Competition халықаралық чемпионаттары (УорлдСкиллз Компетишн, Бүкіләлемдік кәсіптік шеберлік конкурсы);

2) WorldSkills Europe халықаралық чемпионаттары (УорлдСкиллз Еуропа, Еуропа кәсіптік шеберлік конкурсы);

3) WorldSkills Russia халықаралық чемпионаттары (УорлдСкиллз Раша, Ресей кәсіптік шеберлік конкурсы);

4) WorldSkills Belorussia халықаралық чемпионаттары (УорлдСкиллз Белораша, Беларуссия кәсіптік шеберлік конкурсы);

11. Республикалық кәсіптік шеберлік конкурстары;

1) WorldSkills Kazakhstan республикалық чемпионаты (УорлдСкиллз Қазақстан, Қазақстан кәсіптік шеберлік конкурсы).".

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаменті (Н.Ж. Оспанова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмелерін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" **паруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;**

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі*

*Е. Сағадиев*